

МОДУЛЬДІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Модульдік оқыту – бұл оқу ақпараты модульдерге (аяқталған және дербес бірліктер, ақпарат бөліктері) бөлінетін білім беру үдерісін ұйымдастыру. Модуль ұғымы «қандай да бір нақты жұмысты орындау үшін кейбір теориялық және тәжірибелік дағдылардың бастапқы меңгеруін қамтамасыз ететін оқу материалының осындай көлемін» қамтиды.

Колледждің міндеті білім алушыларда өз оқуы үшін табыстылық пен жауапкершілік атмосферасын құру, ал одан әрі – кәсіби өсу мен еңбек саласының өзгермелі жағдайында бейімделуге жауапкершілік.

Мамандықтар бойынша модульдік оқыту:

- қызметкерлердің арнайы дайындығы;
- пәндік модульдерді әзірлеу;
- дидактикалық және әдістемелік құралдар;
- студенттер үшін де, педагогтар үшін де оқу тиімділігінің сапасын бағалау.

Колледжде модульдік оқыту ақпарат, қызмет, үдерістің тұтас құрылымдық бірлігі немесе ұйымдастырушылық - әдістемелік негіз болып табылады. Сондықтан, мұндай оқытуды оқыту тәсілі, дербестік деңгейі және қарқыны бойынша жеке бағдарлама ретінде қарастыруға болады.

Модульдік оқыту құзыретті мамандарды даярлау сапасына кепілдік беретін оқытудың анағұрлым үйлесімді, түсінікті және нәтижелі технологиясы болып табылады. Модульдік технология бойынша құрылған бағдарламалар бойынша оқытылған мамандар тек білімді ғана емес, сонымен қатар таңдап алынған кәсіби мен мамандығы бойынша шешім қабылдау, қызметтер мен өндірістік жұмыстарды орындау дағдыларын да меңгерген.

«Орал «Сервис» технологиялық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорнында 2017-2018 оқу жылынан үш мамандық бойынша модульдік оқыту жүйесі енгізілген:

0506000 «Шаштараз өнері және сәндік косметика»

1. Білім беру бағдарламасының деңгейі.

Білім беру бағдарламасын дайындауға арналған түсіндірме жазба.

0506000 «Шаштараз өнері және сәндік косметика» мамандығы бойынша білім берудің модульдік бағдарламасы аймақтық еңбек нарығының қажеттілігі, ҚР БЖҒМ нормативтік құжаттарының талаптары ескеріле дайындалып, білім беру үдерісін ұйымдастыруға арналған құжаттар жүйесі болып табылады.

Модуль бойынша сағаттарды бөлуде заман талабы мен модульдік бағдарламаның өзектілігін бейнелейтін өзгерістер енгізілді. Әрекет етуші оқу жоспарларында өзгерістер енгізуде потенциалды жұмыс берушілердің тілектері ескерілді. Сонымен қатар, білім берулің дуальды жүйесін енгізу тәжірибесі ескерілді.

Оқу жоспарының спецификасы:

- білім беру жүйесі вариативтілігінің деңгейін қолдау;
- бөлек пәндерді интегративті тұрғыдан оқыту тәжірибесін қолдау;
- әр түрлі пәндерде ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың қолданылуы;
- экономикалық және экологиялық құзыреттілікті қалыптастыру;
- кәсіби білім компоненттерінің аймақта құрылуы.

Оқу жоспары Стандарттың талаптарын әрекет етуге енгізу мен жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді, модуль бойынша (оқу жылдары) міндетті пәндік аймақтардың құрылымын анықтайды. Оқу жоспары құрылымдық элемент және «Кәсіпқор» Холдингі ҰАҚ білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудың құралы болып табылады. ТЖКБ мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сай ақпараттық-коммуникативтік технологиялар барлық оқу пәндерінде (дене шынықтырудан басқа) қолданылады. Осыған байланысты оқу жоспарында ақпараттық технологиялардың интеграциясы туралы жазбалар жоқ.

Білім беру бағдарламасының мазмұны модульдік форматта дайындалған оқу жоспары арқылы жүзеге асырылады. Бұл жоспарда білім берудің бірінші деңгейі бойынша пәндердің үш циклі қарастырылған: жалпы білім беретін пәндер циклі, базалық пәндер және бейіндік пәндер циклі, сонымен қатар оқытудың қосымша түрлері (кәсіптік практика, дене шынықтыру және т.б) және қорытынды аттестаттау (дипломдық жоба/ жұмыстардың қорғалуы).

Колледже 0506000 «Шаштараз өнері және сәндік косметика» мамандығы бойынша студенттер модульдік оқыту арқылы оқып, келесі біліктіліктерге ие болады:

1. **050608 1 – «Шаштараз шебері» біліктілігі.**
2. **050601 2 – «Шаштараз- модельер» біліктілігі.**
3. **050606 3 – «Суретші-модельер» біліктілігінің орта буын маманы.**

Нормативтік құжаттар. Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік құжаттар негізінде дайындалған:

- ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы;
- «Сұлулық индустриясы саласындағы қызметтер» біліктілігінің салалық шеңбері («Сұлулық индустриясы саласындағы қызметтер» саласындағы Сауда және интеграция министрлігінің әлеуметтік серіктестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиясының 2019 жылғы 28 қыркүйектегі, № 18-1/13 хаттамасы)
- «Шаштараз қызметтерін көрсету және барбер қызметтері», «Визаждық қызмет көрсету», «Тырнақтық сервис» кәсіби стандарттары («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №263 бұйрығы), «Сұлулық индустриясындағы қызметтер» («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының орынбасарының 2019 жылғы 17 маусымдағы № 115 бұйрығына қосымша);
- «Кәсіптік және техникалық білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім

және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы, №5 қосымшасына сәйкес;

- «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығы, 22-24 қосымшасына сәйкес;
- «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №50 бұйрығына сәйкес;
- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидалары туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес (21.10.2020 өзгертулер мен толықтырулар);
- «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығына сәйкес;
- «Кәсіптік және техникалық білім беру, орта білімнен кейін білім беру жүйесінің білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалауда балдық-рейтингтік әріптік жүйені қолдану бойынша әдістемелік нұсқалығы туралы» ҚР БЖҒМ 04.09.2020 ж. №5-13-2/3231-И хаты негізінде;
- 1448 сағаттық жалпы білім беретін пәндердің сағаттары «2020-2021 оқу жылының басталуына кәсіптік және техникалық, орта білімнен кейін білім беретін оқу орындарында оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық әдістемелік ұсыныстар» негізінде бөлінді.

2. Білім беру жүйесінің төлқұжаты

2.1. Оқыту мерзімдері.

Күндізгі оқу формасының білім беру бағдарламасын меңгерудің нормативтік мерзімі мен еңбек сыйымдылығы:

Біліктіліктің коды мен атауы	Негізгі орта білім базасында (9 класс)	Жалпы орта білім базасында (11 класс)
050608 1 – «Шаштараз шебері»	1 жыл 10 ай	10 ай
050601 2 – «Шаштараз- модельер»	2 жыл 10 ай	1 жыл 10 ай
050606 3 – «Суретші- модельер»	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай

Білім беру бағдарламасының еңбек сыйымдылығында білім алушылардың аудиртолық және өз бетімен жасалатын жұмысының түрлері, практика мен бақылау шараларына бөлінетін уақыт ескерілген.

2.2. Кәсіби қызметтің міндеттері.

Шаштараз – шаш үлгісінің көмегімен адам бейнесін жасау саласының маманы. Оның міндетіне шаш қию, бояу, шашқа форма келтіру және локондарды күту сияқты жұмыстар кіреді.

Қазіргі заманғы «шаштараз» мамандығы білімнің кең көлемі қажет етіп, осы кәсіптің нюанстарынан тұрады. Қызмет саласына байланысты оларды төмендегі түрлерге бөлуге болады.:

- Ерлер шебері (ерлерге арналған шаш қию және шаш үлгілері бойынша маман).
- Әйелдер шебері (әйелдердің шаш үлгілері бойынша маман).
- Колорист (шашты бояумен айналысады).
- Шашты өру маманы (соның ішінде бұрымдар, дред, афро-бұрымдар және т.б)
- Әмбебап-шаштараз (көпшілік салондар осындай мамандарды қажет етеді).

Мамандық бойынша оқу үдерісінің міндетіне тойға арналған, кешкі, сахналық шаш үлгілерін жасау, колористика мен бояу техникасы, салондық шаш қию үлгілерінің сәнді тенденциялары, әр түрлі бұрымдарды өру, постижерлік (шаштан шиньон, парик, қаптама жасау) бұйымдар түрлері және оларды бекіту техникасы, шашты күтудің заманауи технологияларына үйрету енеді. Сонымен қатар, колледжде жоғарыда көрсетілген жұмыс түрлерінің дағдыларына факультативтік сабақтарда үйренуге болады.

Колледже креативтілік пен сән талаптарына сай жұмыс істей алатын мамандарды дайындайтын өз істерінің шеберлері қызмет етеді.

Оқу үдерісінде студенттер тек жеке бейне жасап, форма мен түсті сезініп, жаңа идеялар тауып және оларды жүзеге асырып қана қоймай, өз жұмыстарын көрсете алады: суретке түсіру, композиция жасау, кәсіби портфолио ресімдеу.

2.3. Мамандықтың перспективасы.

Қазір сәнді және стильді көріну трендте. Сән салондары, шаштараздар мен барбершоптардың санының өсуі осыған дәлел. Болашағы бар шаштараз ешқашан жұмыссыз қалмайды. Ең бастысы сәнді тенденцияларды ұстанып өз бәсекелестерінен бір қадамға алда болу керек.

0506000 «Шаштараз өнері және сәндік косметика» мамандығы бойынша әлеуметтік серіктестеріміз: «Raiana» ЖК, «Хеопс» сән салоны, «Ақұштап Құспан» сән салоны, «BERENICE» сән салоны, «Beauty» сән салоны, «Coco» сән салоны. Бұл сән салондары көптеген жылдар бойы біздің жұмыс берушілеріміз бен практикалық базамыз болып табылады. Практика шарттарды жасау үдерісінде әрекет ету ұзақтығы екі жақпен келісілетін практика өткізуге арналған шарттар базасында жүзеге асырылады. Практика базасы практиканың нақты түріне бір кезеңге немесе 3 немесе 5 жыл мерзімге анықталуы мүмкін.

Колледже 0506000 «Шаштараз өнері және сәндік косметика» мамандығы бойынша оқыту дуальды оқыту бойынша жүргізіледі. Дуальды оқыту – теориялық бөлігі 40%, ал практикалық бөлігі оқытудың 60% құрайтын кәсіби білім берудің түрі. Қазіргі уақытта колледжде дуальды жүйе бойынша оқып жүрген топтар бар. Сонымен қатар, дуальды оқыту бойынша «Хеопс» сән салоны, «Ақұштап Құспан» сән салоны, «BERENICE» сән салоны сияқты мекемелермен жеке шарттар жасалған.

3. Білім беру бағдарламасын жүзеге асырудағы білім беру үдерісін ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарына сәйкес білім беру бағдарламасын іске асыруда оқу үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуы, оқу жоспары, практика бағдарламалары, білім алушыларды даярлау сапасын қамтамасыз ететін материалдар (бақылау тапсырмаларының қорлары), тиісті білім беру технологияларын (пәндердің оқу-әдістемелік кешендері) іске асырылуын қамтамасыз ететін әдістемелік материалдармен және т.б реттеледі.

Кәсіптік практиканы (өндірістік оқытудың барлық түрлері мен технологиялық) теориялық сабақтармен кезектесіп ауыстыру арқылы шоғырланған түрде жүргізуге болады. Өндірістік оқыту оқу үдерісінің жалғасы болып тапбылады. Жергілікті жағдайларға байланысты барлық практиканың уақыты оқу курсының шеңберінде ауысуы мүмкін.

4. Материалдық ресурстар.

Модульдік білім беру жүйесіндегі материалдық ресурстар- білім беру қызметтері бойынша барлық қызметтерді қамтамасыз ететін ұйымның ресурстары. Колледжде оқу үдерісінің сапалы жүргізілуі үшін қажетті материалдық-техникалық жағдайлар жасалған.

Материалдық-техникалық қамтылуға оқу үдерісі үшін қажетті оқу алаңдары мен қосымша алаңдар, инфрақұрылымның жеткіліктілігі, оқу үдерісінің есептегіш және оргтехникамен, оқу материалдарының жеткілікті санымен қамтылуы енеді.

Қазіргі уақытта колледждің 0506000 «Шаштараз өнері және сәндік косметика» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін оқу- материалдық базасы, мамандықтың МЖББС сәйкес білік пен дағдыларды қамтамасыз ететін жалпы көлемі кең зертханалары бар. Колледже модульдік білім беру бағдарламасы аясында оқу үдерісін қамтамасыз ету үшін оқу аудиториялар, соның ішінде компьютерлік кластар, арнайы салон етіп рәсімделген шеберханалар, оқу залы бар кітапхана және басқа көмекші кабинеттер бар.

1211000 «Тігін өндірісі және киімді үлгілеу»

1. Білім беру бағдарламасының деңгейі.

1211000 «Тігін өндірісі және киімді үлгілеу» мамандығы бойынша білім берудің модульдік бағдарламасы аймақтық еңбек нарығының қажеттілігі, ҚР БЖҒМ нормативтік құжаттарының талаптары ескеріле дайындалып, білім беру үдерісін ұйымдастыруға арналған құжаттар жүйесі болып табылады.

Білім беру бағдарламасы білім беру үдерісін жүзеге асырудың мақсаттары, күтілетін нәтижелері, мазмұны, шарттары мен технологиясын, осы бағыт бойынша түлектердің дайындық сапасын бағалауды реттейді және бағдарлама сипаттамасы мен түлектің кәсіби қызметінің бағыттары, оқыту нәтижелері мен ие болған құзыреттіліктер, оқыту нәтижелерінің бағалау саясаты, білім алушылардың дайындығының сапасын қамтамасыз ететін білім беру үдерісін

ұйымдастырылуы, сәйкес білім беру технологияларының жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін әдістемелік материалдарды қамтиды.

Білім беру бағдарламасының мазмұны модульдік форматта дайындалған оқу жоспары арқылы жүзеге асырылады. Бұл жоспарда білім берудің бірінші деңгейі бойынша пәндердің үш циклі қарастырылған: жалпы білім беретін пәндер циклі, базалық пәндер және бейіндік пәндер циклі, сонымен қатар оқытудың қосымша түрлері (кәсіптік практику, дене шынықтыру және т.б) және қорытынды аттестаттау (дипломдық жоба/ жұмыстардың қорғалуы).

Колледже **1211000 «Тігін өндірісі және киімді үлгілеу»** мамандығы бойынша студенттер модульдік оқыту арқылы оқып, келесі біліктіліктерге ие болады:

1. **121103 2** – «Тігінші»біліктілігі.
2. 121106 2 – «**Арнайы тігінші**» біліктілігі.
3. **121107 2** – «**Үлгілеуші-пішуші**» біліктілігі.
4. **121109 3** – «**Техник-технолог**» біліктілігінің орта буын маманы.

Нормативтік құжаттар. Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік құжаттар негізінде дайындалған:

- ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III«Білім туралы» Заңы;
- «Жеңіл өнеркәсіп» біліктілігінің салалық шеңбері (Тау-кен металлургия, химия, құрылыс индустриясы және ағаш өңдеу, жеңіл өнеркәсіп және машина жасау салалары бойынша әлеуметтік серіктестік және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссиялар отырысының 2016 жылғы 16 тамыздағы №1 хаттамасы);
- «Тігін өндірісі және киімді үлгілеу» кәсіптік стандарты (Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 456 бұйрығы);
- «Кәсіптік және техникалық білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы, № 5 қосымшасына сәйкес;
- «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығы, 265-267 қосымшасына сәйкес;
- «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығына сәйкес;
- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидалары туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес (21.10.2020ж. №453 өзгертулер мен толықтырулар);

- «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына сәйкес;
- «Кәсіптік және техникалық білім беру, орта білімнен кейін білім беру жүйесінің білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалауда балдық-рейтингтік әріптік жүйені қолдану бойынша әдістемелік нұсқалығы туралы» ҚР БЖҒМ 04.09.2020 ж. №5-13-2/3231-И хаты негізінде;
- 1448 сағаттық жалпы білім беретін пәндердің сағаттары «2020-2021 оқу жылының басталуына кәсіптік және техникалық, орта білімнен кейін білім беретін оқу орындарында оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық әдістемелік ұсыныстар» негізінде бөлінді.

2. Білім беру бағдарламасының төлқұжаты **Оқыту мерзімдері.**

Күндізгі оқу формасының білім беру бағдарламасын меңгерудің нормативтік мерзімі мен еңбек сыйымдылығы:

Біліктіліктің коды мен атауы	Негізгі орта білім базасында (9 класс)	Жалпы орта білім базасында(11 класс)
121103 2 – «Тігінші»	1 жыл 10 ай	10 ай
121106 2 – «Арнайы тігінші»	2 жыл 10 ай	1 жыл 10 ай
121107 2 – «Үлгілеуші-пішуші»	2 жыл 10 ай	1 жыл 10 ай
121109 3 – «Техник-технолог»	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай

Білім беру бағдарламасының еңбек сыйымдылығында білім алушылардың аудиртолық және өз бетімен жасалатын жұмысының түрлері, практика мен бақылау шараларына бөлінетін уақыт ескерілген.

3. Кәсіби қызметтің міндеттері.

Тігін өнеркәсібі қазіргі уақытта ең жоғарғы даму деңгейінде. Тұтынушының заманауи тенденциялармен анықталатын модельдердің кең таңдауы, түс гаммасы және конструктивтік сипаттамалары бар. Бүгінгі таңда дизайнерлер ертеңгі сәннің әртүрлі концепцияларын ұсынады. Олардың әрқайсысы өзінің шығармашылық қызметінің бағытына жүгінеді. Осы салада жұмыс істейтін маман халықтың жоғары сапалы, әртүрлі ассортименттегі және қажетті жайлылық деңгейіндегі сәнді киімдерге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тігін өнеркәсібінің негізгі міндетіне сәйкес келетін ең дұрыс шешімдерді таңдай отырып, ұсыныстар ағымын талдауға үйренуі керек.

Осы мамандық бойынша студенттердің құрылымы бойынша тәжірибелік, дайындық, пішу және тігін өндірісіне ие келесі тігін фабрикаларында практикадан өтуге мүмкіндігі бар: «Журмагамбетова Б.К» ЖК, «Айна Халық» ательесі, «Айя WERPPING» ЖШС, «Самал» ЖК, «Шторы» ательесі, «Дева» ательесі, «Джилкайдаров Р.Н.» ЖК, «Золушка» ательесі, ««Диана» Орал тігін фабрикасы» ЖШС, «Фея» той салоны, «Адванс-маркет» ЖШС, «Қазақ көзі көрмейтіндер қоғамының оқу-өндірістік кәсіпорны» ЖШС, «Завод плюс» ЖШС. Оқытудан кейін бұл ірі тігін фабрикалары жұмыс беруші кәсіпорындар

болады. 1211000 «Тігін өндірісі және киімді үлгілеу» мамандығы бойынша түлектердің жұмысқа орналасуы 62% құрайды. Тігін фабрикаларындағы жұмыстан басқа біздің студенттеріміз өз ательелерін ашады. Сонымен қатар, «Диана» Орал тігін фабрикасы» ЖШС кәсіпорнымен дуальды оқыту бойынша жеке шарт жасалған.

Оқу жылының соңына дейін білім алушы төмендегілерді біліп, істей алуы керек:

- құрастыру мен пішудің прогрессивті әдістері, Бірыңғай Құрастыру Әдісінің (БҚӘ) талаптарына сай тігін бұйымдарының берілген барлық түрлерінің, соның ішінде қазақ ұлттық киімінің көркем және техникалық тұрғыдан үлгіленуі;
- алдағы маусымға, жылға арналған сәннің заманауи және перспективалық бағыты;
- жаңа үлгілер мен үлгілер жиынтығын дайындау тәртібі, көрмелер мен сән көрсетілімдерін ұйымдастыру,
- жаппай және жеке өндіріске арналған киімдер тігу технологиясы;
- жеке өндіріс жағдайында әртүрлі пішімдегі киімдерді құрастыру әдістері;
- стандарттар, техникалық шарттар, өнімге арналған нормативтік құжаттаманы рәсімдеу тәртібі;
- бұйымдардың құрастыру сызбаларын орындау;
- тапсырыс берушінің сұраныстары, сән бағытының перспективасына сәйкес киім композициясын әзірлеу;
- сыртқы, жеңіл әйелдер, ерлер мен балалар киімдерін пішу және тігу;
- еңбек пен жұмыс орнын ұйымдастырудың жетілдірілген және ұтымды әдістері, жабдықтың, аспаптар мен құрылғылардың қауіпсіз жұмыс істеу ережелері, жабдықтың ұсақ ақаулықтары мен ақауларын реттеу, жою тәсілдері;
- әрекет етуші техникалық құжаттама, нарықтық экономика, маркетинг және менеджмент негіздері, коммерциялық есептерді жүргізу тәртібі;
- бухгалтерлік есеп және салық салу, кәсіпкерліктің құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілуі;
- адамның адамға, қоғамға деген қатынасын реттейтін этикалық және құқықтық нормалар;
- азаматтар және тұтынушылардың құқықтары мен міндеттері.

Мамандықтың практикалық дағдылары:

- инженерлік-техникалық қызметті ұйымдастыру;
- материалдардың тиімді қолданылуы мен сақталуын ұйымдастыру.

Мамандықтың перспективасы.

Тігін өндірісі – саланың спецификасын білген жағдайда өте тиімді кәсіпорын. Өте танымал мамандық. Тігу технологиясы мен маталарды өңдеуде белгілі бір білімді қажет ететін максималды шығармашылықтың үдерісі.

4. Білім беру бағдарламасын жүзеге асырудағы білім беру үдерісін ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарына сәйкес білім беру бағдарламасын іске асыруда оқу үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуы оқу жоспары, практика бағдарламалары, білім алушыларды даярлау сапасын қамтамасыз ететін материалдар (бақылау тапсырмаларының қорлары), тиісті білім беру технологияларын (пәндердің оқу-әдістемелік кешендері) іске асырылуын қамтамасыз ететін әдістемелік материалдармен және т.б реттеледі.

5. Материалдық ресурстар.

Модульдік білім беру жүйесіндегі материалдық ресурстар- білім беру қызметтері бойынша барлық қызметтерді қамтамасыз ететін ұйымның ресурстары. Колледжде оқу үдерісінің сапалы жүргізілуі үшін қажетті материалдық-техникалық жағдайлар жасалған. Материалдық-техникалық қамтылуға оқу үдерісі үшін қажетті оқу алаңдары мен қосымша алаңдар, инфрақұрылымның жеткіліктілігі, оқу үдерісінің есептегіш және оргтехникамен қамтылуы, оқу материалдарының жеткілікті санымен қамтылуы енеді.

Қазіргі уақытта колледждің **1211000 «Тігін өндірісі және киімді үлгілеу»** мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін оқу материалдық базасы, мамандықтың МЖББС сәйкес білік пен дағдыларды қамтамасыз ететін жалпы көлемі оқу материалдық базасы бар. Колледже модульдік білім беру бағдарламасы аясында оқу үдерісін қамтамасыз ету үшін оқу аудиториялары, соның ішінде компьютерлік кластар, лингафондық кабинет, оқу стандарттары бойынша жабдықталған тігін шеберханалары, оқу залы бар кітапхана және басқа көмекші кабинеттер бар.

0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»

1. Білім беру бағдарламасының деңгейі.

0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша білім берудің модульдік бағдарламасы аймақтық еңбек нарығының қажеттілігі, ҚР БжҒМ нормативтік құжаттарының талаптарын ескере отырып дайындалып, білім беру үдерісін ұйымдастыруға арналған құжаттар жүйесі болып табылады.

Білім беру бағдарламасы білім беру үдерісін жүзеге асырудың мақсаттары, күтілетін нәтижелері, мазмұны, шарттары мен технологиясын, осы бағыт бойынша түлектердің дайындық сапасын бағалауды реттейді және бағдарлама сипаттамасы мен түлектің кәсіби қызметінің бағыттары, оқыту нәтижелері мен ие болған құзыреттіліктер, оқыту нәтижелерінің бағалау саясаты, білім алушылардың дайындығының сапасын қамтамасыз ететін білім беру үдерісін ұйымдастырылуы, сәйкес білім беру технологияларының жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін әдістемелік материалдарды қамтиды.

Білім беру бағдарламасының мазмұны модульдік форматта дайындалған оқу жоспары арқылы жүзеге асырылады. Бұл жоспарда білім берудің бірінші деңгейі бойынша пәндердің үш циклі қарастырылған: жалпы білім беретін

пәндер циклі, базалық пәндер және бейіндік пәндер циклі, сонымен қатар оқытудың қосымша түрлері (кәсіптік практику, дене шынықтыру және т.б) және қорытынды аттестаттау (дипломдық жоба/ жұмыстардың қорғалуы).

Колледже **0508000 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»** мамандығы бойынша студенттер модульдік оқыту арқылы оқып, келесі біліктіліктерге ие болады:

1. **0508012 Аспаз** біліктілігі.
2. **0508022 Кондитер** біліктілігі.
3. **0508042 Даяшы** біліктілігі.
4. **0508063 Технолож-менеджер** біліктілігінің орта буын маманы

Нормативтік құжаттар

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік құжаттар негізінде дайындалған:

- ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;
- «Тамақ өнеркәсібі» бағыты бойынша біліктіліктің салалық шеңбері, 2019ж.;
- «Тамақ өнеркәсібі», «Тамақтандыруды ұйымдастыру» кәсіби стандарттары («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасы орынбасарының 2018 жылғы 22 қазандағы №284 бұйрығы, 1, 2 қосымша);
- «Кәсіптік және техникалық білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы, № 5 қосымшасына сәйкес;
- «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығы, 34-36 қосымшасына сәйкес;
- «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығына сәйкес ;
- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидалары туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес (21.10.2020ж. №453 өзгертулер мен толықтырулар);
- «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына сәйкес;
- «Кәсіптік және техникалық білім беру, орта білімнен кейін білім беру жүйесінің білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалауда балдық-рейтингтік әріптік жүйені қолдану бойынша әдістемелік нұсқалығы туралы» ҚР БЖҒМ 04.09.2020 ж. №5-13-2/3231-И хаты негізінде;
- 1448 сағаттық жалпы білім беретін пәндердің сағаттары «2020-2021 оқу жылының басталуына кәсіптік және техникалық, орта білімнен кейін білім

беретін оқу орындарында оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық әдістемелік ұсыныстар» негізінде бөлінді.

2. Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

Оқыту мерзімдері.

Күндізгі оқу формасының білім беру бағдарламасын меңгерудің нормативтік мерзімі мен еңбек сыйымдылығы:

Біліктіліктің коды мен атауы	Негізгі орта білім базасында (9 класс)	Жалпы орта білім базасында(11 класс)
0508012 – «Аспаз»	1 жыл 10 ай	10 ай
0508022 – «Кондитер»	2 жыл 10 ай	1 жыл 10 ай
0508042 – «Даяшы»	2 жыл 10 ай	1 жыл 10 ай
121109 3 – «Технолог- менеджер»	3 жыл 10 ай	2 жыл10 ай

Білім беру бағдарламасының еңбек сыйымдылығында білім алушылардың аудиртолық және өз бетімен жасалатын жұмысының түрлері, практика мен бақылау шараларына бөлінетін уақыт ескерілген.

3. Кәсіби қызметтің міндеттері.

Адамдар тағам дайындау тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа қалдырды. Олар тамақтың адам өмірі, денсаулығы пен әл-ауқатына негіз болатынын түсініп, тағамға байланысты барлық дәстүрлерді мұқият сақтады.

Әрбір өзін-өзі құрметтейтін мейрамхана немесе кафеде өзінің «визит картасы», яғни фирмалық мәзірі болады. Қазір тамақ тек дәмді ғана емес, сонымен қатар, пайдалы болуы керек екендігі туралы көп айтылады және жазылады. Қоғамдық тамақтандыру технологтарының міндетіне шикізаттың жаңа түрлерін енгізу, тиісті нормативтік құжаттарды рәсімделуімен тағамдардың, кондитерлік және кулинарлық өнімдердің жаңа рецептураларын әзірлеу және бекіту болды енеді.

Кез-келген қоғамдық тамақтандыру кәсіпорны - бұл конвейер, ең кішкентай бөлшектердің жұмысы соңғы нәтижеге әсер ететін күрделі механизм. Технолог, ең алдымен, үлкен механизмнің әрбір «бұрандасын» басқаруды білетін басшы: ол күрделі және әдеттен тыс дәмді тағамдарды пісіріп қана қоймай, сонымен қатар қызметкерлерге өз міндеттерін тез және тиімді орындауға үйрете алатын, жұмысты үйлестіруді басқара алатын шебер. Мамандықтың артықшылықтары: еңбек нарығында мамандыққа деген сұраныс, шығармашылық әлеуеті мен кәсіби қабілеттерін жүзеге асыра алу мүмкіндігі.

Мамандықтың шектеулері: жауапкершіліктің жоғары деңгейі.

Осы мамандық бойынша біздің студенттеріміз әлеуметтік серіктестеріміз болатын төмендегі қоғамдық тамақтандыру мекемелерінде практикадан өте алады: «Soho» кешені, «Dagu» тойханасы, «Қымызхана» кафесі, «Енсепов М.Б.» ЖК, «Галактика» мейрамханасы, «Алипбаева Д.Н.» ЖК.

Сонымен қатар, дуальды оқыту бойынша «Soho» кешені сияқты мекемемен жеке шарт жасалған.

Оқу жылының соңына дейін білім алушы төмендегілерді біліп, істей алуы керек:

– өндірілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің технологиясы;

- тұтынушылардың әр түрлі санаттары үшін тамақ өнімдерінің өндірісін ұйымдастыру;
- тамақ дайындау үдерісін ұйымдастыру және күрделі аспаздық өнімдер үшін жартылай фабрикаттарды дайындау;
- күрделі суық және ыстық кулинарлық өнімдерді дайындау және дайындау үдерісін ұйымдастыру;
- нан, ұннан жасалған күрделі кондитерлік өнімдерді дайындау және дайындау үдерісін ұйымдастыру;
- дайындау үдерісін ұйымдастыру және күрделі ыстық және суық десертті дайындау;
- іскерлік этика;
- баға саясаты және бағаны белгілеу;
- еңбекті қорғаудың нормалары мен ережелері, қауіпсіздік техникасы және өрттен қорғау;
- есепке алу құжаттарының нысандары және құжаттарды рәсімдеу тәртібі.
- өзіндік іс-әрекетін ұйымдастыру, кәсіби тапсырмаларды орындаудың стандартты әдістері мен тәсілдерін таңдау, тиімділігі мен сапасын бағалау;
- стандартты және стандартты емес жағдайларда шешім қабылдау және олар үшін жауап беру;
- кәсіби міндеттерді тиімді орындау, кәсіби және жеке тұлғаны дамыту үшін қажетті ақпаратты іздеу және пайдалану;
- кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;
- ұжымда және командада жұмыс істеу, әріптестерімен, басшылықпен, тұтынушылармен тиімді байланыс орнату;
- команда мүшелерінің (бағыныштылардың) жұмысы үшін жауапкершілікті өз мойнына алу, орындалған тапсырмалардың нәтижелері;
- кәсіби және жеке өзін-өзі дамыту, біліктілігін арттыру міндеттерін өз бетінше анықтау, саналы түрде жоспарлау қызметімен айналысу;
- кәсіби қызметтегі технологиялардың жиі өзгеруі жағдайында бағдарлау;
- жаңа тағамдардың рецептілерін жасау және технологиялық карталарды құрастыру.

Мамандықтың практикалық дағдылары:

- көру, иіс сезу, дәмді сезу;
- зейіннің жақсы дамуы (көлем, бөлу мен ауысу сияқты параметрлер);
- талдау мен болжауға бейімділік;
- көрнекі және әрекетті ойлау, бейнелі жады;
- шығармашылық қабілеттер;
- эстетикалық талғам;
- ұқыптылық;
- талап қоя білу;
- коммуникабельділік.

Мамандықтың перспективасы.

Мамандық негізі мансаптық мамандықтарға жатпайды. Технолог–менеджер немесе аспаз-шебер тобы жетекшісінің лауазымына дейін өсуге болады. Бірақ

адамның кәсіпкерлікпен айналысу қабілеті болса, болашақта өз кафесі, асханасын ашуға болады.

4. Білім беру бағдарламасын жүзеге асырудағы білім беру үдерісін ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарына сәйкес білім беру бағдарламасын іске асыруда оқу үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуы оқу жоспары, практика бағдарламалары, білім алушыларды даярлау сапасын қамтамасыз ететін материалдар (бақылау тапсырмаларының қорлары), тиісті білім беру технологияларын (пәндердің оқу-әдістемелік кешендері) іске асырылуын қамтамасыз ететін әдістемелік материалдармен және т.б реттеледі.

5. Материалдық ресурстар

Модульдік білім беру жүйесіндегі материалдық ресурстар- білім беру қызметтері бойынша барлық қызметтерді қамтамасыз ететін ұйымның ресурстары. Колледжде оқу үдерісінің сапалы жүргізілуі үшін қажетті материалдық-техникалық жағдайлар жасалған.

Материалдық-техникалық қамтылуға оқу үдерісі үшін қажетті оқу алаңдары мен қосымша алаңдар, инфрақұрылымның жеткіліктілігі, оқу үдерісінің есептегіш және оргтехникамен қамтылуы, оқу материалдарының жеткілікті санымен қамтылуы енеді.

Қазіргі уақытта колледждің **1211000 «0508000«Тамақтандыруды ұйымдастыру»** мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыруы үшін мамандықтың МЖББС сәйкес білік пен дағдыларды қамтамасыз ететін жалпы ауданы кең оқу- материалдық базасы бар. Колледже модульдік білім беру бағдарламасы аясында оқу үдерісін қамтамасыз ету үшін оқу аудиториялары, соның ішінде компьютерлік кластар, лингафондық кабинет, оқу стандарттары бойынша жабдықталған аспаздарға арналған оқу зертханалары, оқу залы бар кітапхана және басқа көмекші кабинеттер бар.